

## Тынышбай Әділқазы Айдынұлы

Е.А.Бөкетов атындағы университеті филология факультетінің 2 курс студенті

[adilkazytynyshbay@mail.ru](mailto:adilkazytynyshbay@mail.ru)

*Ғылыми жетекшіі:*

*ф.ғ.д., профессор Б.С.Рахимов*

### ҚАЗАҚ ШЕШЕНДІК ӨНЕРІ, ОНЫҢ ЖИНАЛЫП, ЗЕРТТЕЛУІ

Шешендік – ол адам бойында сирек ұшырасатын қасиет, аса шебер дарынның бірі. Шешендік сөз жай ғана үстірт сөз емес, ол терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр қисынға құрылады. Шешендік өнер адам бойындағы суырыпсалма өнерге, жүрекжарды әділ сөздерге негізделіп жазылып, шығармашылық сипатымен дараланады, ерекшеленеді.

Шешендік – жүйелі сөздің, ойдың және іс-әрекеттің пәрменді көрінісі. Оның дәрменімен құлшынған жан *сөз рухы, өзгеше сөйлеу жүйесі, халықтың рухани тіршілігінің діңгегі мен дәнекері, ақыл-ойдың даналығы* мен саралығына сапар шегеді[1]. Шешендік өнеріне ерте замандардан-ақ үлкен мән берілген. Ежелгі грек, рим елдерінде шешендік өнерді «риторика» деген атпен жеке пән ретінде оқыған. Дүние жүзіне әйгілі ерте заман шешендері Пратогор, Демосфен, Цицерон сияқты өз заманының мемлекет қайраткерлері, елді аузына қаратқан ойшылдары болған. «Риторика» ғылымы өнердің падишасы, патшасы ретінде ерекше бағаланған. Ал енді өзіміздің шешендік өнерімізге тоқталып өтейік.

Шешендік өнер – бұл қазақ халқының ертеден келе жатқан дәстүрлі, қасиетті де, құдіретті тіл өнері. Біз қазақ халқы кешегі бабасы аттан түспеген, атасы тақтан түспеген, түгел сөздің түбін түсірген, өз ұрпақтарына аталы да, баталы да сөз қалдырған ұлы халықтың ұрпағымыз. Біз қазақ кешегі жоңғар шапқыншылығында елді бірлікке, ынтымаққа шақырған, артына өшпестей өнегелі сөзін қалдырған Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің асыл да, ғасыр перзентіміз. Небір қилы заманды бастан кешірген, тілімен қара қылды қақ жарған қазақ деген шешен, батыр ұлы халықтың ұрпағымыз. Жалпы біз – шешендік өнерді сүйетін де, оны бағалай білетін де халықпыз. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шешетін, шешендік өнерді ең асыл өнер деп бағалайтын қара халықтың, дара халықтың ұрпағы болу біз үшін ұлы мақтаныш. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар, өресі биік, өрісі кең, шығар асуы жоғары халықтың ұлы перзенті болу біз үшін үлкен жеңіс. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек?! Ал осы шешендік өнердің біздің қоғамдағы маңызы қандай? Біз сүйетін, біз бас иетін кешегі би-шешендердің бүгінгі қадір-қасиеті, орны қандай?

Қазақ шешендік сөз өнерінің тарихты тағылымы тереңде, көне замандарда жатыр. Ол сонау Майқы, Аяз билерден бастау алып, Жиренше шешен, Қарашаш, Асан қайғы және т.б. да шешендермен ары қарай толыса, тоғыса түседі. Одан бергін Шортанбай, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке бабаларымыз шешендік өнердің өркендеуіне өз үлестерін ерекше қосып қана қоймай, оның аса биікке көтерілуіне арқау болды десем де қате айтпаймын. Жалпы қазақ шешендік өнері ел басқару жолында ғана емес, елді түзеу, ұрпақ тәрбиесі, ұлт тағдыры сияқты өзекті мәселелерді алға қойды. Шешендіктің қыр-сыры, шешеннің болмысы, қоғамдағы рөлі, орны, шешен сөйлеудің, көп сөйлеу емес, дөп сөйлеудің әдіс-тәсілдері ерте кезден зерттеу еңбектерінде жазылып жүргені, қағаз беттеріне түскені бізге мәлім, белгілі. Бұған дәлел қазақ шешендік өнерін, оның сыры мен қырын, таным-көкжиегін, табиғатын зерттеу, зерделеу жұмыстары Ыбырай Алтынсарин, В.В. Радлов, А.Левшин, Ахмет Байтұрсынұлынан бастап қазірге дейін зерттеушілер назарында жүргені өтірік емес. Баса назар аудара айтатынымыз қазақтың шешендік сөз өнерін өзге жұрттың ғалымдары зерттеп қана қоймай, оларды аса жоғары бағалаған.

Ұлтымыздың шешендік сөздеріне өзге де шетел ғалымдары жоғары баға бере отырып, өз пікірлерін білдірді. Соның бірі қазақ шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В.Радлов зерттеп жинады. Ол «Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» атты 10 томдық еңбегінің 3-кітабын қазақ халқының фольклорына, әдебиеті мен мәдениетіне арнаған. Радлов көптеген

ғылыми еңбектерімен түркология ғылымының дамуына, әсіресе қазақ шешендік өнерінің бүгінгі күнге жетуіне зор еңбек сіңірді. Ол өз еңбектерінде: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын», – деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын жоғары бағалап, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Қазақ даласында шешендік өнердің өсіп-өркендеуіне себеп – халықтың сөз бостандығына ерік беріп, еркіндікке жол ашқаны деп есептеймін. Осыған орай, қазақ халқының ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың пайымдауынша, қазақ шешендік өнері әз-Жәнібек хандығының кезеңінде туып, үш жүздің басын қосқан әз-Тәукенің тұсында жандана түскен. Оған Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдар жинағына Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің қатысуы дәлел бола алады. Осыған орай қазақ шешендерінің атақ-данқтары да сол кезде шыққан деседі. Осы үш биіміздің қай-қайсының даналығын алсақ та адамға берер үлгі-өнегесі өте көп. Қазақ хандығының тұтастығы жолында күрескен Төле би өз заманындағы зерделі де сауатты қайраткер болған. Оның әділдігіне, парасаттылығына тәнті болған жұрты «Қарлығаш әулие», «Қарлығаш би» деп атаған. Төле бидің әрбір шешендік сөзі адамға ой саларлық ұлы сөздер екеніне ешкімнің таласы жоқ. Бұған оның мына қанатты сөзі тұспа-тұс келеді.

Атың жақсы болса,  
Ер жігіттің пырағы,  
Балаң жақсы болса,  
Жан мен тәннің шырағы.  
Қызың жақсы болса,  
Жайқалып өскен құрағы...

Төле бидің даналығы, шешендігі, тапқыр сөздері, мақал-мәтел, нақыл сөздері ел арасына мол тараған. Төле бидің өмірі, ел басқарудағы қызметі, ол айтып кеткен сөздер жөнінде Шоқан Уәлиханов, Ресей ғалымдары А.Левшин, Г.Потанин, Ә.Диваев, кеңес дәуірінде Б.Адамбаев т.б. ғалымдар зерттеу жүргізген.

Жалпы кеңес дәуірінде қазақ халқының мәдениеті мен тарихы жөнінде зерттеумен Балтабай Адамбаев айналысты. Ол қазақ халқының бай ауыз әдебиетін, оның ішінде көлемі жағынан шағын жанр деп саналатын халық даналығы мақал-мәтелдер мен шешендік сөздерді ауқымды зерттеді. Шешендік сөздердің және мақал-мәтелдердің тарихы, табиғаты, көркемдік ерекшеліктері туралы «Шешендік өнер» (1969), «Халық даналығы»(1976), «Қазақтың шешендік өнері»(1984) атты монографиялық зерттеу еңбектері шықты. Сондай-ақ, «Қазақ ертегілері» (1962), «Шешендік сөздер»(1967), «Ел аузынан»(1985) жинақтарын құрастыруға қатысты[2].

Бұл жөнінде, айтылған ақпараттар жөнінде былай делінген: «Зерттеуші Б. Адамбаев қазақтың шешендік сөздерін формасы мен мазмұнына қарай, стильдік құрылысына қарай естірту, *көңіл айту тәрізді қаратпа шешендік сөздер, үлгі-өнеге, нақыл сөздер, шешендік айтыстар* деп, олардың қолдану аясын біршама кеңейтеді»[1].

Шешендік өнердің дамуын жыраулар шығармашылығынан да бөліп қарастыра алмаймыз. Өйткені Шалкиз, Доспанбет, Бұхар жыраулар да шешендік өнердің дамуына өз үлестерін қосқан ұлы даланың ұлы перзенттері. Мысалы мына өлеңде Шалкиз жыраудың тіл көркемдігін көреміз:

«Тайғақ кешу, тар жерде.

Менің досым барарда һар жерде,

Іздесем табылмайды тар жерде» - дейді жырау.

Ал Доспамбет жырау жырларына қарасақ сөз меруерт маржанын жіпке тізгендей көркем, көрікті сөйлейді. Бұхар жырау керей руын Абылай ханнан бөлініп, Шығысқа қарай көшкен кезінде айтқан шешендік

сөзінде:

«

Керей қайда барасың?  
Сырдың бойын көбелеп?  
Сен қашсаң да, мен қойман,  
Арғымағым жебелеп» - деп сөз етеді.  
Осының барлығы да қазақ халқының қай заманда болмасын сөз өнерін аса жоғары бағалағаны айқын көрінеді.

Қазақ халқының сөз өнері, шешендік өнері жайында тереңнен ой толғап, нақты тұжырымдар жасаған ғалымдардың бірі – Рабиға Сыздықова. Автор шешендік өнер дәстүрі тарихына тоқтала келіп, шешендік өнер мен шешендік сөз ұғымдарының ара-жігін ажыратып көрсетеді. Рабиға Сыздықова бұл тұжырымдары арқылы қазақ шешендігінің бай, қуатты екенін тағы да жария етті.

Айта берсек те, жаза берсек те шешендік сөз, шешендік өнер туралы ақпарат көздері таусылмайды. Қазақ халқының тарихы қаншалықты тереңде болса, қазақ шешендік өнерінің тарихы соншалықты тереңде. Мен өз ойымды Серік Ақсұңқарұлының мына өлеңімен аяқтағым келеді.

Шешен билер тамсандырған сөзіне  
Ұқсап кетті Цицеронның өзіне.

...Сарыарқаға келсем болды, сурет боп  
Неше түрлі елестейді көзіме.

Мұнды Тоқа күйлерінің сазы кеп,  
Сыр шертеді өткен күннің назы деп.  
Тақпақтап ап жөнелетін секілді–

Төрде отырған Қаз Дауысты Қазыбек[3].

Жалпы қазақ шешендік сөздері - аса бай поэтикалық тілімен өзгеше қалыпта көрінген, халқымыздың рухани азығына айналған көркемдік құбылыс. Сондықтан да ата-баба мұрасы – ұрпаққа ұлағат, кейінгіге аманат, келер күнмен бірге жасайтын рухани асыл қазына, сарқылмас байлық.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жақан Молдабеков «Шешендік» оқу құралы, 7-бет – Алматы, 2020
2. Боранбаев.Ж. «Мәңгілік елдің» мұраты. «Үркер» газеті. 26 желтоқсан, 2014
3. Шешен билер тамсандырған сөзіне. Серік Ақсұңқарұлы «Қара орман» өлеңдер жинағы, 147-бет – Алматы, «Ел-шежіре» ҚҚ. 2012

#### Шаймардан Мерей Өмірханқызы

Е.А.Бөкетов атындағы университеті филология факультетінің 2 курс студенті  
[sajmardanrina64@gmail.com](mailto:sajmardanrina64@gmail.com)

*Ғылыми жетекші:*  
*ф.ғ.д., профессор Б.С.Рахимов*

#### ЕРТЕГІДЕГІ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ

Қазақ халық ауыз әдебиетінде шытырман оқиғаларға құрылып сан алуан тақырыптарды көтеретін халық прозасының бір түрі - ертегілер. “Ауыз әдебиетінің басқа эпостық түрлері сенімді , ертегілердің де өзіндік құрылысы , көркемдік ерекшеліктері бар. Қандай ертегіні алсақ та ол белгілі бір сюжетке құрылады , өзінше басталуы , аяқталуы болады [1,101] Ертегіде көбіне батырлық қана дәріптелмейді. Сандаған тақырыптар көтеріледі. Ер азамат пен әйелдің тағдыры да табылады. Қай ертегіні алып қарсақ міндетті түрде “ақылына көркі сай” әйел обрызы бар. Қыз қылығына қатысты істерді тәрбиелік мағынада қолданған.

«Келінім ақылды болса балам да дана болады,